# Қазақстан Республикасы жанынан Экспорттық саясат жөнінде кеңес құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
2017 жылғы 31 наурыздағы № 40-ө өкімі.

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Экспорттық саясат жөніндегі кеңес туралы ереже

### 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Экспорттық саясат жөніндегі кеңес (бұдан әрі - Кеңес) мемлекеттік және жеке сектор арасындағы әріптестік қағидаттарына негізделген Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес Ұлттық экспорттық саясаттың стратегиялық бағыттары, оның іске асырылуын мониторингтеу және бағалау жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу үшін құрылады.

3. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Кеңестің жұмыс органы болып табылады.

5. Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

### 2. Кеңестің міндеттері

6. Кеңестің негізгі міндеттері:

1) экспорт саласындағы басымдықтарды айқындау;

2) отандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспорттық әлеуетін арттыру;

3) Қазақстан Республикасының экспорттық әлеуетін дамытуды ынталандыратын қолайлы жағдайлар жасау, оның ішінде экспорт мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтар актілерін жетілдіру;

4) Қазақстан Республикасының бірыңғай экспорттық стратегиясын әзірлеу, сондай-ақ оның іске асырылуы мен нәтижелерінің мониторингін жүргізу;

5) Қазақстан Республикасының бірыңғай экспорттық стратегиясын іске асыру үшін қажетті ресурстарын айқындау жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдарды әзірлеу болып табылады.

### 3. Кеңес қызметінің ұйымдастырылуы мен тәртібі

7. Кеңес қызметінің ұйымдастырылуы мен тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.